

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

QAZAQ YUNIVERSITETI



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№27 (1778)
1 желтоқсан
2020 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

БІЛІМ МӘДЕНИЕТІН ҚОЛДАУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ЖОО басшыларының халықаралық онлайн-кездесуі өтіп, онда «шексіз білім мәдениетін қолдау үшін университеттердің Еуразиялық желісі» құрылатындығы ресми түрде жарияланды.



Іс-шараны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы ұйымдастырды.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 2013-2022 жылдар аралығын Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы деп жариялады. Бұл тұрғыда адамзаттың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің қолайлы ортасы ретінде студент жастардың бойында білім мәдениетін қалыптастыруды көздейтін университеттердің Еуразиялық желісін құрудың мақсаты ерекше өзектілікке ие болуда. Жоғары білікті мамандардың жаңа буыны – жоғары этикалық және азаматтық ұстанымы бар тұлғалар өркениет дамуына лайықты үлес қосуға қабілетті.

ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов құттықтау сөзінде желіні құру идеясын қолдады. Ол БҰҰ-ның тұрақты даму бойынша Жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ жүзеге асырып жатқан заманауи Университет 4.0 моделінің өз жеке тағдырына ғана емес, бүкіл адамзат үшін жауапты рухани-адамгершілік құндылықтары жоғары әлем азаматтарын қалыптастырудағы ерекше рөліне тоқтады. «Университет 4.0 моделін жүзеге асыруға әлемнің жетекші жоғары оқу орындарындағы 12 шетелдік әл-Фараби орталығы қосылды. Олар Еуразиялық желі үшін

шексіз білім мәдениетін қолдауда оңтайлы платформа болмақ», – деді ректор.

«Пандемияның қиын жағдайында біз Орталық Азиядағы жоғары білімнің болашағы туралы, университеттерді білім мәдениеті ғимаратын құру идеясымен біріктірудің жолын талқылаудамыз, – деп атап өтті Олжас Сүлейменов. – Біз мәдениеттер жақындастығының онжылдығын жариялау идеясын алға тартқан кезде, адамзатқа жас ұрпаққа лайықты болашақты қамтамасыз етуге көмектесетін ортақ планетарлық сананы қалыптастыру мақсатында білімнің жақындасуын көздедік».

Университеттердің Еуразиялық желісінің Олжас Сүлейменов басқаратын ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының патронажымен құрылды. Алматыда орналасқан бұл орталық ғылым мен білімді дамыту, жалпыадамзаттық құндылықтар мен мәдени сан алуандықты нығайту негізінде планетарлық сананы тәрбиелеуге және диалогқа жаңа серпін беру үшін арнайы құрылған бірегей халықаралық институт.

Биыл ЮНЕСКО-ның қолдауымен халықаралық деңгейде әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Абайдың 175 жылдығы аталып өтілуде.

Жалғасы 2-бетте

ЕЛБАСЫНЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ

Биыл міне тоғызыншы жыл қатарынан 1 желтоқсан «Тұңғыш президент» күнін атап өтіп келеміз. Осы уақыт аралығында Тұңғыш Президент күні халқымыз бірлігінің ұйытқысы болумен қатар айтулы мерекеге айналып үлгерді. Бұл күні еліміздің барлық аумағында мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен келісім рухындағы көптеген мәдени шаралар өткізіліп келеді.

Ел тарихындағы Елбасының ерен еңбегін ұлықтау мәдениет ошақтары мен өнер ордаларының рекреациялық шараларымен ғана емес барлық деңгейдегі білім ордаларындағы кештер, ашық сабақтар, семинарлар секілді шараларымен де өткізілуде. Бұл ретте әлемнің белді оқу орындарымен иық тіресіп, бір қатарда тұрған Альма Матеріміз ҚазҰУ-дағы шаралардың өзі бір пара. Бұл күні тіпті бірқатар ірі сауда мекемелерінің де түрлі жеңілдіктер мен акциялар жариялауы дәстүрге айналды. Бұл істердің бәрі де мейрам көрігін қыздырып, айшықтайтыны сөзсіз. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың ел тәуелсіздігін орнықтыру мен елімізді болашаққа бастаудағы еңбегі ұшан-теңіз. Ұлт лидері еліміздің еңсесін тіктеп, жарқын болашақтағы даму бағытын айқындап берді. Сондықтан бұл мейрамды қаншалық кең сарында тойласақ, соншалық лайықты болмақ.

Жалғасы 2-бетте

О ПРОДВИЖЕНИИ В QS WUR

Стратегическим задачам продвижения КазНУ им. аль-Фараби в рейтинге QS WUR было посвящено заседание ректората, на котором обсудили также участие преподавателей в Республиканском конкурсе МОН РК «Лучший преподаватель вуза – 2020».

Заседание началось с ознакомления с благодарственными письмами и наградами в адрес университета, руководства, преподавателей и сотрудников, которые озвучила Ляззат Маратовна Шайкенова. Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Малайзии Болат Иманбаев выразил благодарность за проведение на высоком уровне международной научной видеоконференции «Al-Farabi, the Universal Thinker, Discussion of Osman Bakar's Al-Farabi: Life, Thought and Significance», состоявшейся 24 ноября 2020 г.

Продолжение на 2 стр.

ОБЩИЕ ЦЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО
РАЗВИТИЯ



2-стр.


АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ
ТӘРБИЕЛІК МӘНІ



5-бет

ҚАЗҰУ КӨШБАСШЫ
АТАНДЫ

8-бет



ОБЩИЕ ЦЕЛИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

Перспективы сотрудничества в сфере науки, образования, и развития инноваций обсудили во время встречи ректор КазНУ им. аль-Фараби Галым Мутанов и Посол Австрии в Казахстане Вилли Клеменс.



особое внимание привлек опыт работы университета по устойчивому развитию. КазНУ является одним из десяти вузов мира – Глобальных хабов Организации Объединенных Наций и с 2014 года возглавляет и координирует реализацию программы «Академическое влияние» по устойчивому развитию.

Следует отметить, что казахстанский университет стал одним из инициаторов создания международной сети институтов Пан Ги Муна по устойчивому развитию. На глобальном форуме, состоявшемся в австрийском Альпбахе, КазНУ как стратегический партнер подписал соглашение о сотрудничестве в реализации продвигаемых ООН целей устойчивого развития.

Высоко оценив деятельность КазНУ как Глобального хаба, Вилли Кемпел отметил, что это, прежде всего, ответственная миссия, которая успешно выполняется в международном масштабе. Он выразил уверенность, что КазНУ и университеты Австрии могут активней взаимодействовать в этом важном направлении и инициировать совместные проекты по целям устойчивого развития. Стороны выразили готовность оказывать всестороннюю поддержку и способствовать их продвижению. Также была достигнута договоренность о проведении совместной международной конференций по устойчивому развитию.

Соб. корр.

KAZNU.KZ

АІ – Farabi atyndaǵy QazUÝ «Ǵylym kóshbasshysy – Web of Science Awards-2020» bedeldi sylyǵynyn úsh nominatsiyasynda úzдіk atanyp, reitúntik ǵylymı basylymdarda qazaqstandyq joǵary oqy oryndary arasyndaǵy kóshbasshylyq pozitsianyn rastady.

Clarivate Analytics halyqaralyq kompaniasynyn táyelsiz sylyǵyn saltanatty túrde tapsyry rásimi onlain formatta ótti.

«Web of Science» halyqaralyq aqparattyq-taldaı platformasynyn derekteri boıynsha QazUÝ «Fızıka» pání salasynda «Web of Science Core Collection» jarıalanymdar sany boıynsha kóshbasshy» marapatyna ie boldy.

Matematikalıq jáne kompúterlik modeldeı kafedrasynyn meńgerıshisi, ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ profesory Alıbek Isahov «Joǵary dáıeksózdi qazaqstandyq avtor» nominatsiyasy boıynsha jeńimpaz dep tanyldy. Onyn avtorlyǵymen joǵary reitúnti basylymdarynda 285-ke teń dáıeksózderdiń jıyntyq sanymen 36 maqala jarıalandy.

«Qazaqstandaǵy ǵylymometriany damytıǵa jáne ǵylymı qyzmetti baǵalaıǵa qosqan úlesi úshin» táyelsiz marapatyna QazUÝ-dyn fızıka-himialyq zertteı ádisteri jáne taldaı ortalyǵynyn direktory, profesor Bolat Keńesov ie boldy. Ol «Web of Science Core Collection» (indeks Hırsha-14) derekter bazasynda indeksteletin basylymdarda 37 ǵylymı jumys jarıalady.

Atap óty kerek, ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ joǵary reitúnti ǵylymı jırnaldardaǵy jarıalanymdar sany boıynsha elimizdiń joǵary oqy oryndary arasynda absolútti kóshbasshy bolyp tabylady. Otandyq avtorlardyń halyqaralyq derekqorǵa kiretin basylymdardaǵy ár bir besinshi jarıalanymy - QazUÝ ǵalymdarynyn úlesinde.

Qazaqstan Respýblıkasynyn Tuńǵysh Prezidenti kúnine jáne Qazaqstan Respýblıkasynyn Táyelsizdik kúnine orai ál-Farabi atyndaǵy Qazaq ulttyq ıversitetiniń áskerı kafedrasında "Bizdiń tarhymyz" atty patriottyq aksia ótkiziledi.

Aksia aıasynda áskerı kafedra bastyǵy zapastayy polkovnik O. V. Ajimovtyń nusqaıy boıynsha qarasha aıynyn basynan bastap onlain rejiminde stýdenttermen tárbie jumysy saǵattarynda "Bizdiń tarhymyz" Tarihi viktorınasy ótkiziletini atyldy.

Viktorına suraqtary Ańyraǵai shaiqasynan bastap, uly Ál-Farabıdın shyǵarmashylyǵyn bilýden bastap, elimizdiń qazirgi memlekettik qurylymyna deingi Qazaqstan tarhynyn keń aıqymyn qamtıdy. Viktorına qorytyndysy boıynsha oqy zvodtarynyn úzдіk komandası anyqtalyp, jeńimpazdar Qazaqstan Respýblıkasynyn Táyelsizdik kúnine orai marapataldy.

EBJM men «Biznes tehnologialar» kafedrası Resei jáne Qazaqstan joǵary oqy oryndarymen birlese otyryp onlain formatta «Ónirdiń ekonomikalıq damıy: basqarı, inovatsıalar, kadrlar daıarlaı» halyqaralyq ekonomikalıq forımy sheńberinde «Ekonomika men bilim berıdi sıfrlandıry: pandemia jaǵdaındaǵy jańa tehnologialar» taqyrybynda halyqaralyq ǵylym-ádistemelik konferensia ótkizdi.

Aıqymdy forımdy uıymdastıryǵa Altai memlekettik ıversiteti (Barnaıl q., Resei), Qazaqstan-Nemis ıversiteti (Almaty q., Qazaqstan), i. s. Týrgenev atyndaǵy Orlov memlekettik ıversitetteri belsendi qatysty.

Plenarlyq májiliste QazUÝ atynan. e.ǵ. d., profesor R. K. Sagieva EBJM dekanı sóz sóilep, konferensia jumysy seksialarda jalǵasty. Qatysshylar – joǵary oqy oryndarynyn oqytıshylar, doktoranttar-forımnyn ózektı taqyryptarynda baıandamalar usyndy.

Halyqaralyq konferensianyn maqsaty koronavırystyq pandemia sıaqtı syrtqı jahandyq syn-qaterlerdi eskere otyryp, ekonomika men bilim berıdiń qazirgi jaǵdaıyn taldaı bolyp tabylady. Halyqaralyq konferensia pandemia jaǵdaında SMART tehnologialardyń ekonomikalıq jáne bilim berı proserlerine áserin belsendi talqylaımen tanystıry jáne pikirtalas túrinde ótti.

Úzдіk baıandamalaryń materialdary konferensia qorytyndylary boıynsha (ISSN 2542-0690) e-library platformasynda usnylǵan jınaqtarda jáne RGDİ-da indeksteı arqyly jarıalanatyn bolady.

Соб. корр.

БІЛІМ

МӘДЕНИЕТІН ҚОЛДАУ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Ойшылдардың өркениеттің дамуына қосқан ерекше зор үлесі халықаралық қоғамдастық тарапынан лайықты бағаланды. Осыған орай онлайн-кеңестің бастамашылары Еуразиялық университеттер желісін ағартушылар мен гуманистер – әл-Фараби мен Абайдың құрметіне атауды ұсынды.

Іс-шараға Еуразиялық университеттер желісіне енген жоғары оқу орындарының басшылары мен өкілдері қатысты: ЮНЕСКО қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының директоры Олжас Сүлейменов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Құрманғазы атындағы ҰК ректоры Арман Жүдебаев, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ректоры Талғат Нұрғожин, ҚАЕУ Президенті Ережел Мамбетқазиев, М. Ломоносов атындағы ММУ Азия және Африка елдері институтының директоры Игорь Абылғазиев, Абай атындағы ҚазҰПУ және ҚазҰАУ проректорлары Ақтолық Құлсариева мен Александр Курдеко, Жерорта теңізі, ОА және Африка елдерінің ЮНЕСКО «Авиценна» кампустарының виртуалды желісінің үйлестірушісі, Алматы қаласындағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросының әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар секторының жетекшісі Арина Мясоед, БАҚ және қоғам өкілдері.

«Шекарасыз білім мәдениетін қолдайтын университеттердің Еуразиялық желісінің» ресми ашылу рәсімі қорытынды коммюнике мен бірлестік жарғысының қабылдануымен аяқталды.

Өз тілшімізден

РЕКТОРАТ

О продвижении в QS WUR

Продолжение. Начало на 1 стр.

Как известно, в рамках торжественной церемонии вручения независимой награды международной компании Clarivate Analytics «Лидер науки – Web of Science Awards» наш университет стал обладателем награды «Лидер по количеству публикаций в Web of Science Core Collection в предметной области «Физика» за последние 3 года среди университетов Казахстана».

Победителем в номинации «Высоко цитируемый казахстанский автор» был признан заведующий кафедрой математического и компьютерного моделирования профессор Алибек Абдиашимович Исahов. Под его авторством опубликовано 36 статей в высокорейтинговых изданиях с суммарным количеством цитирований, равным 285.

Независимой награды «За вклад в развитие наукометрии и оценки научной деятельности в Казахстане» был удостоен директор Центра физико-химических методов исследования и анализа профессор Булат Нурланович Кенесов.

За многолетний и плодотворный труд на благо развития университета и подготовку высококвалифицированных специалистов, а также в связи с 70-летием медалью КазНУ «Ерен еңбегі үшін» награждена доктор филологических наук, профессор кафедры казахского языкознания Гулдархан Нургазиевна Смагулова.

Далее презентацию о продвижении КазНУ им. аль-Фараби в рейтинге QS WUR представила директор Центра по стратегическому развитию Гульшарат Салауатовна Минажева. В докладе прозвучал сравнительный анализ позиции КазНУ, занимающего 165-е место, с университетами, входящими в ТОП-100 в рейтинге QS WUR, с МГУ им. М.С. Ломоносова (74-е место), Университетом Сорбонны (83-е место) и другими зарубежными вузами. Спикер представила

также динамику продвижения в рейтинге QS WUR. А далее подробно остановилась на задачах перед университетом в рамках Дорожной карты по продвижению в QS WUR.

В результате по данному вопросу были приняты следующие решения: предоставить электронные адреса 100 трудоустроенных выпускников бакалавриата, магистратуры и докторантуры с 2016 по 2019 гг. для проведения опроса по рейтингу QS Stars; обеспечить заполнение Индикативного плана ППС; обновить базу академических экспертов и экспертов-работодателей на 10%; создать реестр выпускников, работающих в Казахстане и за рубежом и привлечь их в качестве экспертов; обеспечить своевременное заполнение Индикативного плана и Дорожной карты всех кафедр и выполнение плановых значений показателей, а также создать программное обеспечение для автоматизации работы с выпускниками университета.

На заседании обсудили также участие преподавателей в Республиканском конкурсе МОН РК «Лучший преподаватель вуза – 2020», а также квалификационные вопросы, связанные с рекомендацией к присвоению ученого звания профессора преподавателям: доктору философских наук, и.о. профессора кафедры философии Акмарал Салимжановне Сыргакбаевой; PhD, и.о. доцента кафедры физики плазмы и компьютерной физики Нури Хамитбековне Бастыковой; PhD, и.о. доцента кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов Лейле Кадирсизовне Кудреевой; PhD, и.о. доцента кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов Фаилу Разифовичу Султанову.

Соб. корр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЕЛБАСЫНЫҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ



Мейрам тарихына аз-кем тоқталып өтейік. 2011 жылдың желтоқсанында Парламент Сенатының депутаттары ерекше бір бастама көтеріп, ол бастама Сенаттың пленарлық отырысында №509-IV заңмен бекіп, нәтижесінде «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 267-II заңның 3 бабына: 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні деген жаңа мемлекеттік мереке енеді. Неге 1 желтоқсан, оның мәні неде деген сауалға келсек, бұл датаның да 30 жылдық өз тарихы бар. Тарихи толқу мен өзгеріске толы 1991 жылдың 16 қазаны күні 12-шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің кезектен тыс VI сессиясының пленарлық отырысында «Қазақ КСР президентінің сайлауы туралы» заң қабылданады. Міне осы заңмен 1991 жылдың 1 желтоқсаны жалпыхалықтық Президент сайлауы болып белгіленеді. Осылайша 1991 жылғы желтоқсанның алғашқы күні, тәуелсіздік лебі ескен, әр тұстан ән шырқалып, жәрмеңкелер жайылған, халық көтеріңкі көңілмен белсене дауыс берген айрықша жексенбі болып тарихта қалды. Бұл күні халықтың 88,20%-ы қатысқан додада елбасымыз сайлаушылардың 98,80% дауысын жинап Президент атанады. Сайлау барысын «Рейтерс», «BBC», «Синьхуа» секілді алпауыт БАҚ-тар жарыса жазады. 10 желтоқсан күні Қазақ КСР-інің атауы өзгеріп дәл осы күні Республика сарайында салтанатты түрде Қазақстан Республикасы Президенттің

инаугурациясы өтеді. Өстіп тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті ұлықталумен бір мезгілде дүниежүзілік картада «Қазақстан Республикасы» да пайда болады.

Президент күнін атап өту тек біздің елімізде ғана емес, әлемнің көптеген елдеріне тән. Мемлекет басшысы күні ақпанның үшінші дүйсенбісінде

АҚШ-та, 14 мамырда Исландияда, 11 маусымда Ұлыбританияда, 27-30 сәуірде Голландияда (Нидерланды), 17 қарашада Маршалл аралдарында, 12 тамызда Тайландта, 17 қыркүйекте Анголада кеңінен аталып өтеді.

Тәуелсіздікті мұрат еткен бабаларымыздың аманатын ақтаған Елбасымыз

ғұмырлы болсын.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні құтты болсын! Тарихымыз тұғырлы, Тәуелсіздігіміз баянды болсын!

Ерболат ҚОШҚАРБАЕВ,
философия кафедрасының
аға оқытушысы

ҚАДІРЛІ МЕРЕКЕ

Елімізде бірнеше жылдан бастап Тұңғыш президент күні аталып өтіледі. Бұл күннің ерекшелігін, Елбасымыздың ерен еңбегі мен ел басқарудағы сындарлы саясатын келешек ұрпаққа ұғындыру біздің міндетіміз.

Н.Ә. Назарбаевтың өмір жолы мен тәуелсіз еліміздің тарихын студенттерге үлгі ету мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология және биотехнология факультетінің, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасында «Биомедицина» 2-курс студенттерімен бірге «1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Іс-шараға кафедрамыздың оқытушылары қатысты.

Бұл күн Тәуелсіздіктің қайнар көзі 1991 жылы 1 желтоқсанда еліміз алғаш рет бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде өзінің тұңғыш Президентін сайлап алғаннан басталған болатын. Сондықтан да, бүгін Қазақстан Республикасы өзінің Тұңғыш Президентін сайлаған күн – Мемлекеттік мереке күні болып бекітілді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы басшылығымен халқымыз Тәуелсіздік Туын биікке көтерді. Ата Заңымызды, Рәміздерімізді және рухани құндылықтарымызды қастерлей отырып, өміріміздің сан саласын дамыту, аса мемлекетіміздің абыройын асқақтату жолында тамаша бастамалар өмірге келді. Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың көрегендік саясатының арқасында тәуелсіз Қазақстан Орталық Азия өңіріндегі, ТМД-дағы алдыңғы орынға шықты.

Біздің еліміздің шыңға өрлеп, бүкіл әлем мойындаған ел болуы аянбай еңбек еткен басшымыздың арқасы екені бүгінде баршамызға аян. Бұл мерекенің тойлануының өзіндік ұлтқа берері мол.

Осы мереке арқылы жас ұрпақ Тәуелсіз Қазақстанның тарихын танып, оның ел болып қалыптасу жолында қандай тұлғаның аянбай еңбек еткенін жадында сақтауына үлесін қосады. 1 желтоқсан Қазақстанның шежіресінде үлкен мәнге ие, сондықтан аталмыш датаның Тұңғыш Президент күні ретінде тойлануы заңды құбылыс.

Бүгінде бүкіл елдің қолдауымен сеніміне ие болып, елді сындарлы жолмен болашаққа айқын бастап келе жатқан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне тойланатын – Тұңғыш Президент күні біз үшін де өте қадірлі мереке.

Іс-шара барысында еліміздің әнұраны орындалып, бұл күннің шығу тарихы туралы баяндама оқылып, студенттер елбасымыздың өмір жолы мен жазған еңбектері туралы мәліметтер берді.

Іс-шара соңында кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., профессор м.а. А. Кустубаева, оқытушы, б.ғ.к., профессор м.а. Н. Аблайханова, аға оқытушы М. Кулбаева, аға оқытушы Г.Атанбаева сөз сөйлеп, бұл мерекенің еліміз үшін ерекше мейрам екенін атап өтіп, мерекелік іс-шараның жоғары деңгейде өткендігін айтты. Оқытушылар қауымы студенттерге алғысын айтып, сәттілік тіледі.

Н. СЕЙДАЛИЕВА,
биофизика, биомедицина және
нейроғылымдар кафедрасының
оқытушысы

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушыларының ұйымдастыруымен тұңғыш Президент күніне орай «Елі сүйген, Елін сүйген Елбасы» атты танымдық тәрбие сағаты өтті.

ЕЛІ ҚҰРМЕТТЕГЕН, ЕЛІН СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ

Тұңғыш Президент күнін ұлықтау Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 29 жылдық айтулы тарихымен ұштастыра отырып, жас ұрпаққа Елбасының азаматтық болмысын, парасатын және әлемдік өркениетте алатын саяси қайраткерлігін үлгі ретінде насихаттап патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында өткізілді.

Адамзат өркениетінің тарихы сан мәрте дәлелдегендей, ұлы тұлғалар көбіне көненің күйреп, жаңаның бой көтеріп, қоғамның бір сападан екінші сапаға ауысар дәуірінде дүниеге келеді. Биылғы жылы аталып өтетін ел тәуелсіздігі соңғы 29 жылдың нәтижесі емес, осы орайда, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұлтымыздың еркіндігін, азаттығын көздеген ұлы асқақ мұраттарын, өзінің кемеңгерлігімен, батыл саяси шешімдерімен заманының саналуан факторларын еңсере отырып, дара болмысымен жүзеге асырған Елбасы Н.Ә. Назарбаев. Шетелден келген қандас жастарға Тұңғыш Президентіміздің өскен және білім алған ортасы, қатардағы жұмысшыдан Республикамыздың мемлекеттік қызметтегі өсу жолдары, Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті қызметіне көтерілуі ұстаздар

тарапынан жан-жақты түсіндірілді. Осы танымдық кеште Монғолиядан келген тыңдаушымыз Мерей Хайбар өз ойын былай білдірді: «Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен, туған отанымызда білім алуға зор мүмкіндік берілді, бұл қолдауы үшін шетелдік қазақ диаспорасы өкілдері атынан мың алғыс айтамыз. Сондай-ақ ұлылықты ұғынуға мүмкіндік берген, өмір жолдарымен қайраткерлік тұлғасын терең түсініп, үлгі алып, азаматтық ұстанымызды қалыптастыруға үлес қосқан, оқытушыларымыздың ұстаздық, ізденістік еңбектеріне табыс тілейміз».

«Жас тарихшылар» үйірмесі аясында өткізілген осындай танымдық сабақтың, тыңдаушылар үшін, маңызы зор. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік тарихының айтулы оқиғаларын болашақ жастарға және отанына оралып жатқан қандастарға ұғындырып, патриоттық сезімдерін оятып отыру ұстаздардың міндеті.

У. САНДЫҚБАЕВА,
К. ҚАСЫМОВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық
кафедрасының оқытушылары

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың курстасы Тельман Спаевпен тарих, археология және этнология факультетінде онлайн кездесу өтті. Кездесуде Тельман ата өзінің және Н.Ә. Назарбаевтың жастық шағы, студенттік өмірі, қызық та қиын кездері жайлы әңгімелей отыра жас студенттердің сұрағына ашық, жарқын жүзімен жауап берді.



Фото: otyrar.kz

кеттік. Ол группаның старостасы болды. Әрқашан өзгелерден ерекшеленіп тұратын. Көшбасшылық қабілеті бірден көзге түседі. Ол училищеде ұйымдастырушы әрі тәлімгер болды. Әр мерекені ұйымдастырып қызық өткізетін. Онда өзі ән айтатын, кейде қасындағы адамдардың көңілі болмаса әзіл айттып беретін. Оның бойындағы

адамгершілік қасиеті, мақсатына жету үшін аянбай еңбек ететін қасиеті оны алға жетелеп, табысты етті» – деп Тельман ата еске алды.

Тельман Спаев «Лидер» фильмінің сценарисі, «Келешекте» атты кітабының және «Қызылкөпірдегі кездесу» атты қолжазбаның авторы. Бұл еңбектерінде де Н.Ә. Назарбаев туралы жазады.

Екі ескі курстас әлі күнге дейін араласып тұрады екен. Соңғы рет 2013 жылы курстастармен бас қосу болыпты. Әр кездесуде курстастарын жылы жүзбен, ыстық құшақпен қарсы алады. Мені қатты қызықтырғаны саясат, ел билігі туралы мүлде әңгіме қозғалмайды екен. Тек өздерінің жастық шақтарын, от болып жанып тұрған кездерін еске алып, әңгіме айтады екен. Осындай Н.Ә. Назарбаевтай ұлы тұлғаның қарапайым, ақкөңіл болғаны мені таң қалдырды. Мұны жасыра алмаймын. Сол себептен бұл ұлы тұлғадан үйренеріміз көп.

Кездесудің уақыты да таяп қалды. Уақыт осылай жақсы нәрселерде тез өтіп кетеді ғой, шіркін. Кездесу соңында Тельман атамыздан жылы лебізін естіп бір марқайып қалдым. Бұл өткен кездесудің маңызы аса зор. Тельман Спаев атамызға және Тарих факультетіне өзімнің шексіз алғысымды білдіремін.

А. ТИЛЕУОВА,
1-курс студенті,
К. ҚАБДОЛДИНА,
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әл-Фараби орталығы, Философия және саясаттану факультеті, философия кафедрасы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орай «Ұлы ғалым мұралары» атты Республикалық дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараға республикамыздың ғалымдары мен студент-жастары қатысты.

Ұлы ғалым мұралары



ерлікке пара-пар, ел құлағын елең еткізген еңбегі – ұлы бабамыз әл-Фарабиді қазақ, Отырар өлкесінің перзенті екенін дүние жүзі ғалымдарына мойындату. Осы жолда әлем елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан әл-Фараби еңбектерін жинап, 1969 жылы бабамыздың Дамаск қаласынан бейітін тапқан да Ақаң еді. Ұлы бабамыз әл-Фарабидің мәңгі мекені – Баб ас-Сағир зираты басындағы көңіл-күйін, ішкі сезімін біздерге жырдай қылып айтушы еді және оны өзінің «Әл-Фараби және Абай» атты кітабында жазып та кетті. Осылайша, А. Машани тарихымызды кеңейтіп, рухымызды жоғары қойды деп ойын қорытындылады.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 2 курс докторанты Алмас Иманалиев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінен Нұртай Жұмақали, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия мамандығының 3 курс студенті Нұрбек Нұрқасымовтар әл-Машанидің әл-Фараби туралы зерттеген

еңбектері жайлы студент-жастарға қызықты да тартымды баяндап берді. ҚазҰУ-дың философия кафедрасының меңгерушісі Әсет Құранбек: "Ұлы ғұлама, адамзаттың ойшылы Әбу-Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын атап өтудеміз. Осы мерейтой аясында ұйымдастырылып отырған «Ұлы ғалым мұралары» атты бұл іс-шара Ақжан Жақсыбекұлына арналып отыр. Республикалық дөңгелек үстелде ғалымдарымызбен еркін пікір алмасып, тағылымы мол баяндамалар жасалды. Бұл өз кезегінде Фарабитануды зерттеп жүрген жас ғалымдарымызға әл-Машаниді тануға тамаша мүмкіндік берді», – деп атап өтті. Сөз соңында барша зиялы қауымға, докторанттар мен студенттерге іс-шараға белсенді қатысып, ойларын ортаға салғаны үшін алғыс білдірді.

Қанат НҰРҒАЛИЕВ,
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасы

Арман-мақсат болған кемел қоғамға бет алдық. Жаңа қоғам жаңа азаматты – рухани деңгейі биік, парасат-пайымы терең, ғылым мен мәдениеттің озық үлгілерінен сусындаған адам мұратын талап етуде. Өйткені адамзаттың ой-тарихы оның болмыс тарихымен астасып жатады: кемел қоғамды кемел ұрпақ қана жасайды. Ал кемелдікке адамзат баласы жасаған рухани игіліктерді бойға дарытпай жету мүмкін емес.

КЕМЕЛ ҚОҒАМ ЖОЛЫНДА

Кәсіби философ болмаса да философиялық өмір стилін ұстанатын адамдар бар. Олардың ерекшелігі – өмірге көзқарасында. Олар: білімі жан-жақты, түрлі құбылыстардың себеп-салдары мен түпкі мәнін түсінетін, табиғи, әлеуметтік процестердің даму заңдылықтарын көре білетін және оларды өз өміріндегі құбылыстармен байланыстыра алатын, білімге пайда үшін емес, ақиқат пен кемелдік үшін ұмтылатын, жеке басының қажеттіліктері шектеулі, ал өзі ұстамды, өмірлік жағдайлардан қаймықпайтын, кемсіту мен мақтауды, жолыболғыштық пен сәтсіздікті, қуаныш пен қайғыны, тіпті өлімді салқын сабырмен қарсы алатын адамдар. Олар өмірдің мәңгі екеніне, рухани күштерге, құндылықтарға сенеді, тұрмыстық күйбеңнен алыс, сонымен қатар әрбір әрекетінде есепшіл. Олардың өмірлік мақсаты – өзін және дүниені тану әрі жетілдіру.

Жәнібек ҚАНИЯТОВ

Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына байланысты химия және химиялық технология факультетінің куратор-эдвайзерлері, биылғы жылғы білім ордасын аттаған студенттермен Абай өлеңдерінің тәрбиелік мәнін түсіндіру бағытында онлайн түрде біршама іс-шаралар өткізді. Қазақ поэзиясының кемеңгер ақыны – ұлы Абайдың жырлары мен ғибратқа толы қара сөздері – үлкенге де, кішіге де ой салатыны анық.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ



Ақын өлеңдерінің қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың барлығы адам баласын ойландырмай қоймайтын өсиет-өнегеге толы. Сондықтан да Абай өлеңдерінде тәрбиелік арналар аса мол деп сеніммен айта аламыз. Әсіресе, ақын шығармашылығындағы қоғамдық, әлеуметтік, саяси тақырыпқа жазылған бірқатар өлеңдерден барша халықты адамдық асыл қасиеттерге үндейтін ізгілікті ойларды көптеп кездестіреміз. Оған алдымен, ақын ұраны іспеттес «Ғылым таппай мақтанба!» өлеңі дәлел. Өлең шумағында қаншама тәлім-тәрбие жатыр?!
Абай атамыз адам болам дегендерді өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, мал шашпақ тәрізді қасиеттерден аулақ болуға шақырса, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды бес қасиетті бойға сіңіруге үндейді. Сонымен қатар, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» шығармасында да ақын ер-азаматтарға «кімді сүйсең де, шын көңілмен сүй, талапты болып, әр түрлі өнер, жақсы қылықты бойға сіңір, бір-біріңмен тату бол, біреуді сыртынан ғайбаттама» деп ақыл айтады. Ойшыл ақынның берер өнегесі мұнымен тоқтап қалмайды. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде:

«Тоқтаулылық, қалыпты шыдамдылық, Бұл қайраттан шығады білсең керек. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста Сонда толық боласың елден ерек», – деп, өзгелерден жоғары тұру үшін ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау керектігін ескертеді. Расымен де, осы үш қасиетті бойына тоғыстыра білгендер кез келген қиындыққа тайсалмай төтеп берері сөзсіз.

Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы болып саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы

ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде, биылғы жылы Түркия мемлекетінде ескерткіштер орнатылды.

Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау студенттер қауымына көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге көмектеседі, оларды туған жерге деген сүйіспеншілікке, Отан тыныштығын қорғауға, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелейді.

Абай мен әлем әдебиетінің арасындағы байланысты ерекше зерттеген Мұхтар Әуезов былай дейді: «Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Еуропа мәдениетінің игі әсерімен толықтырды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр».

Сондықтан да, Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы. Абай жылын қорытындылай отырып, студенттер қауымына Абайды оқы – ерінбе деп үндеу тастағымыз келеді.

**Р. РЫСҚАЛИЕВА,
Б. БАЛҒЫШЕВА,**

химия және химиялық технология факультетінің оқытушылары

ЗИЯЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БІРЕГЕЙІ

Кеңес үкіметі дәуірімен сабақтасқан тереңнен тамыр тартатын танымдық деңгей еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де өз жалғасын тапқан сәтте руханияттық келбетін сақтап, ұлттық бірегейлікті одан әр жалғастыра түсу үдерісіне бет бұрды. Осы тұста отандық ғалымдардың қазақ халқының ұлттық бірегейлік санасын өркендетуге қосқан үлесі айтарлықтай. Ал философия ғылымының танымдық аймақтар аясындағы ізденістер ұлтымыздың рухын асқақтату мақсатына негізделді. Осы мақсаттағы тындырымды еңбек атқарған зиялы тұлғалардың бірегейі – философия ғылымдарының докторы, профессор, академик Досмұхамбет Кішібеков.

Оның ғылыми ізденістері танымдық теориясының аясы ауқымды болғандықтан, ғалым-ағамыз философияның онтологиялық мәселелерінен бастап, ұлттық идея аясындағы көкейкесті ахуалдарды тереңнен талдап береді. Оның қаламынан туындағын әрбір шығармасында ізгілікті ойлар мен патриоттық сезімінің рухы өне бойында сезіліп тұрады. Ол «Қазақ философ халық» деген мақаласында ұлтымыздың даналық пен парасаттылыққа негізделген пайымдауларын философиялық деңгейде қорыта отыра, өзінің идеяларын тек эмоционалды түрде ғана емес, рационалдылық тұрғыдан дәйектейді.

Академик ғалым ағамыздың еңбектерінен көне түркі-қазақ халқының архетиптері мен дүниетанымын байыптай алатындығы байқалады. Өзінің шығармашылығы аясында пәнаралық байланыстарды да кеңінен пайдаланады. Мәселен, «Ура» деген ұранның қазақтың «ора» сөзінен шыққандығын, «көкпар» ұғымының көк бөрімен байланысын да анықтап беріп, лингвоанализдік талдаулар жасайды.

900-ден астам ғылыми еңбектің авторы Д. Кішібеков өзінің туындыларында әлемдік философия тарихындағы ой өрістерін шарлап, ұлттық дүниетанымды және қазақ философиясын әлемге таныту барысында айтарлықтай еңбек етті.

Академик Д. Кішібеков 1925 жылы 15 желтоқсанда қазіргі Қызылорда облысының Шиелі ауданында дүниеге келген. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1948 жылы Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын бітіріп, 1948-1949 жылдары осы институтта оқытушы болып қызмет атқарған. 1949 жылы ҚР ҰҒА-ның Тарих, археология және этнография институты есебінен бөлінген «Философия» мамандығы бойынша аспирантураға оқуға қабылданып, КСРО ҒА-ның Философия институтына оқуға жіберілгенге дейін Тарих институтының аспиранты болған. 1953 жылы сәуір айында Д. Кішібеков аспирантураны бітіріп, кандидаттық диссертациясын қорғап ҚазКСР ҒА қарамағына келген кезде Тарих, археология және этнография институты құрамында философия секторы ұйымдастырылады. Ал 1954 жылы философия секторы Институт құрамынан бөлініп шығып, өз алдына жеке «Философия және Құқық» бөлімі болып қайта құрылады. Міне, осы бөлім кейіннен Қазақстан ҒА-ның «Философия және Құқық» институтына негіз болған. 1953-1959 жылдары Д. Кішібеков ҚазКСР ҒА Философия және құқық бөлімінің аға ғылыми қызметкері, 1959-1960 жылдары ҒА философия кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1960-1964 жылдары Қазақстан ҒА Философия және құқық институтының аға ғылыми қызметкері. 1964-1996 жылдары Қазақ Политехникалық институтының / ҚазҰТУ-дың Қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі әрі ұзақ жылдар осы институт парткомы қызметін абыроймен атқарған. 1996 жылдан бастап Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ профессоры. 1991-1992 жылдары Қазақстан Компартиясының тең төрағасы. «Халықтар достығы» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

900-ден астам ғылыми еңбектің авторы Д. Кішібеков ЖОО студенттеріне арнап қазақ тілінде жазылған тұңғыш «Философия» оқулығының авторы. Сонымен қатар, төмендегідей іргелі еңбектер ағамыздың қолтаңбасымен шықты: «Переходные общественные отношения» (1973), «Кочевое общество: генезис, развитие,



упадок» (1984), «Единство судеб» (1988), «Философия» (1994, 1999, 2000), «Казахстан. Переходный период. Проблемы и трудности» (1998), «Культурология» (1998), «Казахский менталитет: вчера, сегодня, завтра» (1999), «Философия истории и современность» (2002), «Ментальная природа казаха» (2005), «Национальная идея и идеология» (2006), «Национальная идея» (2007), «Идеология и жизнь» (2017), «Идеология в контексте времени» (2018) т.б.

Академик Д. Кішібеков бір кездегі Тарих, археология және этнография институтында қызмет атқарып, Қазақстандағы философия және құқық институтының құрылуына және Қазақстан философия мектебінің қалыптасуына өз үлесін қосқан ірі ғалым.

Елі мен халқы сыйлай алған ұлағатты ұстаз-ғалым Досмұхамед Кішібеков ағамыздың елге сіңірген еңбегін бағалай отырып, төмендегі иті тілегімізді поэтикалық түрде жолдағымыз келеді:

ДОСАҒАҒА АРНАУ

Талайлар үлгі тұтып ағалаған,
Бел санап панаңызды сағалаған.
Тер төккен еңбегіңіз жемісті боп,
Халқыңыз Елаға деп бағалаған.

Толардай Сізді көрсек кем жеріміз,
Ой өсіп, кеңі түсер шеңберіміз.
Бөленіп халқыңыздың құрметіне,
Жетерлік абырой мен шендеріңіз.

Ақылға барлығын да жеңдірдіңіз,
Көп жаңалық ғылымға да еңдірдіңіз.
Хиросима, Сорбона, Колумбияда дәріс оқып,
Қазақтың Ұлылығын әлемге сендірдіңіз.

Ерекше болмысы бар тарланымыз,
Ешқашан пендешілікке бармадыңыз.
Тағайындаған ғалымсыз тағдыр бізге
Жүріңіз баққа толып жан жағыңыз.

Лесхан АСҚАР,
ҚазҰУ-дың философия кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Берік АТАШ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.

Білім – қоғамның дамуы мен болашақтағы жағдайын анықтаушы болып табылады. Кез келген елдің экономикалық және саяси тәуелсіздік жағдайы халықтың жалпы білімі мен кәсіптік деңгейіне байланысты. Заманында білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Қазіргі білім – азаматтық қоғамдағы әлеуметтік талаптарға бағытталған күрделі де жан-жақты қоғамдық құбылыс, оқыту және тәрбиелеу түріндегі педагогикалық әрекеттің тұтас жүйесі.

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп Шоқан Уәлиханов айтып кеткендей әрбір студент үшін өзінің білімін ұштап, тәжірибесін шыңдау маңызды. Қазіргі әлемді арпалысқа салған COVID-19 да бұған шектеу бола алмады. Оның айқын көрнісі ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, экономика және бизнес жоғары мектебі «Бизнес-технологиялар» кафедрасының ұйымдастыруымен «Логистика» және «Маркетинг» мамандықтары бойынша жыл сайынғы дәстүрлі халықаралық студенттік сырттай олимпиаданың өткізілуін атап өтуге болады.

Аталған олимпиада 2020 жылдың

желтоқсан айының 1 мен 7 аралығында «Логистика мен маркетингтегі цифрлық технологиялар» тақырыбында бесінші рет өткізілді.

V Халықаралық сырттай студенттік олимпиадасы екі кезеңде өткізілді. Бірінші кезеңде Олимпиада өткізу туралы ақпараттық хат Қазақстанның, Қырғызстанның, Өзбекстанның және Ресейдің «Логистика» және «Маркетинг» мамандықтарын дайындайтын бірқатар жоғары оқу орындарына жіберілді. Әр ЖОО олимпиада тақырыбына сәйкес студенттік топтарының дайындаған жобалары мен эсселерін ұйымдастырушылардың электронды поштасына 1 желтоқсанға дейін жіберді.

Олимпиаданың екінші кезеңіне ең көп балл жинаған мамандық бойынша командалар іріктеліп, барлығы Қазақстан мен Қырғызстанның, Өзбекстанның 10 жоғары оқу орнынан 17 жұмыс іріктелеп алынды, оның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың "Бизнес-технологиялар" кафедрасының қатысушы командаларынан әр мамандық бойынша екі жұмыстан төрт жұмыс бар. Жіберілген жауаптардың нәтижелері бойынша командаларды іріктеу арнайы тағайындалған конкурстық комиссияның қарауынан өткізілді. Комиссия

жұмыстарды бағалай келе «Логистика» мамандығы бойынша 9 жобаны, «Маркетинг» мамандығы бойынша 8 жобаны келесі кезеңге өткізді.

Комиссия мүшелері сақтық шараларды сақтай отырып, барлық жұмыстарды онлайн форматта тексеріп, талқылады. «Маркетинг» және «Логистика» мамандығы бойынша V Халықаралық сырттай студенттік олимпиадасында комиссия алқасының оң нәтижесін алған, жоғары ұпай жинаған команда жеңімпаздар қатарынан табылды, олар:

Бірінші дәрежелі дипломмен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Kanban» командасы; Нархоз университетінің «NoMADs» командасы;

Екінші дәрежелі дипломмен Қазақстан-Неміс университетінің «Logistische Bündnis» командасы; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Кайдзен» командасы; Каспий қоғамдық университетінің «Digitaurus» командасы; әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Modern Tech» командасы;

Үшінші дәрежелі дипломмен М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының «Oqulogos» командасы; Азаматтық авиация академиясының «Авиаторы» командасы; Тұран университетінің «TuranLog» командасы; әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ-дың «Leaders» командасы; СИРМТ (Өзбекстан, Ташкент қ. Сингапур менеджментті дамыту институты) «Маркетайзеры» командасы; Тұран университетінің «Winners» командасы өздерінің біліктілігі мен білімдерін дәлелдеп, жүлделі орын иегерлері аталды.

Барлық қатысушы командалар мен жеңімпаздарға алғыс айтып, алдағы білім сайыстарында жетістіктерге жете берулеріне тілектестізі.

Болашақты білімді тұлғалармен қамтамасыз еткіміз келсе, қазірден бастап жастарды өз мамандығын сүйеге, танып-білуіне, қызығушылығын арттыруға тәрбиелеуіміз керек. Осындай шаралардың жиі өткізілуі де студенттердің білімін шыңдап, топпен жұмыс жасауын қамтып, кез келген ортада өз ойын еркін білдіре алатын қабілетін нығайта алуына көп септігін тигізері анық.

З. АХМЕТОВА,

бизнес-технологиялар кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., доцент

Ғ. АСҚАРОВ,

аға оқытушы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби удостоен высокого международного признания Организацией Объединенных Наций и образовательным сообществом за свой неизмеримый вклад в реализацию устойчивого развития.

Единственный в СНГ казахстанский университет удостоился чести на протяжении четырех лет возглавлять Глобальный ХАБ по программе ООН «Академическое влияние на устойчивое развитие мирового академического сообщества». Имея такие доверительные полномочия, университет активно координирует и вовлекает международное образовательное сообщество в реализацию целей непрерывного развития человечества, сохраняя ресурсы планеты, направляя все усилия на сохранение экосистемы, развивая инновации и обеспечивая качественное и доступное образование.

В достижениях КазНУ есть определенный вклад факультета филологии и мировых языков. У его основания стояли выдающиеся личности, как М. Ауэзов, А. Маргулан, Б. Кенжебаев, М. Балакаев, оставившие заметный след в истории высшего образования Казахстана. Сегодня на кафедре общего языкознания и европейских языков работают передовые преподаватели и ученые. Профессорско-преподавательский состав периодически проходит повышение языковой и методической квалификации на различных курсах, организуемых British council, Посольством США, Macmillan, Interpress.

Интерес к изучению иностранного языка был всегда и даже возрос за последнее время. Согласно правительственной программе государства, Казахстан должен войти в число высокоразвитых стран. Каждый гражданин будет знать один из иностранных языков, наряду со своим

ВЕРНОСТЬ МИССИИ



родным. Университет поддерживает данную политику. КазНУ сфокусирован на цели полноценной интеграции университета в мировое образовательное пространство. Университет стремится, чтобы квалификации наших специалистов признавались за рубежом и в совместных компаниях. Очень много выполняется в области послевузовской подготовки для международного сотрудничества по обмену студентов и развития академической мобильности.

Для того чтобы усвоили усвоили навыки свободной устной речи, кафедра филологии и мировых языков ежегодно проводит «Магистерскую конференцию», на которой участники презентуют темы своих диссертаций на английском языке. Конференция очень продуктивная и насыщенная. Подготовка к выступлению представляет собой совместный процесс преподавателя и магистранта.

Данное мероприятие помогает преодолеть волнение перед аудиторией, с которым всегда сопряжено выступление на английском языке перед слушателями.

Этот непростой год ознаменовался наступлением пандемии и переходом на дистанционное обучение. Это вынужденная мера в непростое для общества время. И университет выдержал

испытание. Более того, закрепил свою позицию в топе лучших ВУЗов страны, не сбавляя темп учебного процесса. В этот период были разработаны дополнительные ресурсы, внутренние программы, проекты для комфортного обучения.

На сайте системы «Универ» открыта страница «Дистанционное обучение» с подробной информацией об организации занятий в онлайн-формате. На этой странице студенты могут познакомиться с подробным инструктажем по основным платформам Moodle и Универ. Выложены обучающиеся видеоролики. Разработана горячая линия, где координаторы дистанционного образования подробно отвечают на все вопросы. Доброжелательные кураторы-эдвайзеры также готовы помочь в случае трудности с адаптацией в процессе дистанционного обучения.

С. ДЖАЙДАКПАЕВА,

магистрант факультета филологии и мировых языков,

М. ЖАМБЫЛҚЫЗЫ,

доктор PhD, и.о. доцента кафедры общего языкознания и европейских языков

ҚазҰУ – еліміздегі жетекші жоғары оқу орны. Бүгінде университетіміздің елдегі ғана емес, әлемдегі абыройы да артып келеді.

Мақтанышым

Университет қабырғасы қаланғанынан бастап тек даму үстінде, әсіресе шет елдермен байланыс жасап, бәсекеге қабілеті мамандар даярлап келеді. Университетімізде білім беру факультеттерімен қатар ғылыми орталықтар, мұражайлар өз қызметтерін атқаруда. Мәселен, бұл тұрғыда жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің жұмысын атап өтуге болады. Аталмыш факультет құрамында ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы, колледж, бейіндік мектеп және де шетелдік азаматтарға тілдік және жалпы білім беру кафедрасы жұмыс істейді.

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында шет елдерден келген ұлты қазақ жастарға мемлекет қаржысы арқылы тегін оқуына мүмкіндіктер берілген.

Бұл жастар еліміздегі таңдаған мамандықтары бойынша ЖОО-ға түсіп, мемлекеттік грантты ұтып алып, білім ала алады. Осы оқу жылында кафедрамызда 18 топты құрайтын тыңдаушылар білім алууда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өткен оқу жылында Quacquarelli Symonds (QS, Ұлыбритания), Thomson Reuters (США) агенттіктерінің зерттеулеріне сәйкес, дүние жүзі деңгейіндегі университеттер көрсеткіші бойынша әлемдік топ-университеттер рейтингінде 165 дәрежеге енген, яғни әлемдік үздік университеттердің ортаңғы бөлігіндегі Орталық Азиядағы тұңғыш университет.

Айта кету керек, осындай жетістіктерге жету жолының астарында 86 жылдық тарих пен факультеттер, оқытушылар және ректорат қызметкерлерінің еңбегі жатыр.

А.ҮСЕНБЕКОВА,

У. САНДЫҚБАЕВА,

жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары

Қазақ философиясы дегенде менің есіме алғашқы болып қазақ философиясын бүгінгі күндегі қолданысқа сай етіп жүйелеген ойшыл, философ Ораз Аманғалиұлы түседі.



1956-1995 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде әртүрлі ғылыми-педагогикалық, партия және әкімшілік қызметтер атқарды. 1956-1963 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде: философия кафедрасының ұстазы, философия кафедрасының меңгерушісі, философия кафедрасының доценті, 1963-1968 жылдары ғылыми коммунизм кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1968-1975 жылдары философия-экономикалық факультетінің деканы болды. 1976-1980 жылдары гуманитарлық факультеттердің философия кафедрасының доценті О.А. Сегізбаев 1979 жылы ӨзКСР ҒА философия және құқық институтының Кеңесінде докторлық диссертациясын «Материалистические и атеистические тенденции в казахской общественной мысли» тақырыбында қорғады. 1981 жылы профессор атағын алды. 1987-1993 жылдары гуманитарлық факультеттердің философия кафедрасының меңгерушісі болды. 1993-1995 жылдары гуманитарлық факультеттердің әлеуметтік таным философиясы және әдістемесі кафедрасында профессор О.А. Сегізбаев қызмет етті. 1995 жылға дейін әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия кафедрасында кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. 1995 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің философия кафедрасының профессоры және ғылым әдіскері қызметін атқарды.

Ойшылдың ізденімпаздығы мен еңбексүйгіштігін «Ораз Аманғалиұлы сол қатал заманның өзінде «Қазақ ағартушылығы» атты арнайы курсты енгізіп, оны өзі жүргізгеннен анық байқаймыз. Ол өзінің өмірін қазақ халқының философиялық дүниетанымын зерттеуге арнады және бұл ісіне жас кезінен бастап өмірінің соңына дейін адал болды. Кандидаттық диссертациясының тақырыбы ретінде қазақтың ұлы ойшылы Ш. Уәлихановтың көзқарастарын зерттеуді

алуының өзі оның үлкен батылдыққа ие ғалым екендігін көрсетеді. Қазіргі кезде үйреншікті тақырыпқа айналған қазақ философиясы туралы ХХ ғасырдың 50-жылдары сөз қозғаудың өзі мүмкін емес болғаны тарих беттерінен баршамызға мәлім. Оның бойындағы осы ержүректілік алғашқы қазақ журналистерінің бірі, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, М. Әуезов және тағы басқа қазақ зиялыларымен қызметтес болған, кейін өз еркімен Ұлы Отан соғысына аттанып, Кенісберте 1944 жылы қаза тапқан әкесі Аманғали Сегізбаевтан дарыған деуге болады. Қиын заманның өзінде-ақ ол қазақ философиясын зерттеу мектебін қалыптастыра бастады, аспиранттары мен докторанттарына қазақ философиясына қатысты тақырыптар бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын беріп отырды. Ораз Аманғалиұлының орасан зор еңбегінің арқасында қазақ халқы өзінің философиялық дүниетанымы туралы жан-жақты білім жинады. Ғалым халқымызға өзінің философиясын өзіне түсіндіріп, саралап, реттеп, жинақтап берді, сонау көне заманнан бергі вербалдық мәдениеттегі, оның мақал-мәтел, ертегі, лирикалық және батырлық эпос секілді түрлеріндегі, ақын-жыраулар шығармашылығындағы, қазақ ағартушылары мен зиялыларының еңбектеріндегі философиялық ойларды айқындады.

Мен 2017 жылы философия мамандығына магистратураға оқуға түскенімде алда магистрлік диссертация тақырыбын таңдау мәселесі тұрды. Сол сәтте, философия ғылымдарының докторы, профессор Г.Ж. Нұрышевадан маған магистрлік диссертация қорғауда жетекшілік етуін, тақырып ұсынуын өтіндім. Ол кісі әлі ешкім зерттемеген, тың тақырыпты ұсынды. Қазақ философиясын жеке бағыт ретінде қалыптастырған, Философия және саясаттану факультетінде

ұзақ жылдар бойы басшылық пен ұстаздықты қатар алып жүрген ойшыл, ғалым, зерттеуші О.А. Сегізбаев туралы «О.А. Сегізбаевтың шығармашылығында қазақ халқының философиялық дүниетанымының зерттелуі» атты тақырыпта магистрлік диссертация жазуды тапсырды. Бұл тың тақырып аясында, магистрлік диссертация жазу барысында мен біршама қиындықтарға тап болдым.

Ораз Аманғалиұлының «История казахской философии: от первичных архаичных представлений для вузов» «Казахская философия XV – начала XX века» оқу құралдары аясында, ғылыми жетекші Г.Ж. Нұрышева көптеген материалдар беріп, көмектескені көңіліме жұбаншы болды. Ораз Аманғалиұлы сол қатал заманның өзінде «Қазақ ағартушылығы» атты арнайы курсты енгізіп, оны өзі жүргізгені, сонымен қатар қазақ зиялылары туралы жүргізген зерттеулері менің жұмысқа қызығушылығымның артуына септігін тигізді. Бірақ зерттелмеген тақырып туралы магистрлік диссертация жазу оңай болмады. Ғылыми жетекші Гүлжиһан Жұмабайқызының қолдауымен, берген көмегінің арқасында әле күнге зерттелмеген тың тақырыпта магистрлік диссертация қорғап шықтым. Осы білім мен ғылымның ордасында студенттік шағымнан жетекші болып ғылым жолына бағыттаған ұлағатты ұстазым философия ғылымдарының докторы, профессор Гүлжиһан Жұмабайқызы Нұрышеваға ойшылдың еңбектерімен таныс болуыма септігін тигізгені үшін алғысым шексіз!

Жадыра ӨМІРБЕКОВА,
философия кафедрасының оқытушысы

Қазіргі заман талабына сай дүниежүзінің картографтары мен геоақпараттық жүйедегі ғалымдары Big Data science, Machine learning және автоматты түрде құрастырылатын карталарға қызығушылықтары артуда.

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ



ландшафтарды картографиялау, табиғи және аумақтық кешендерді антропогендік динамикасы мен құрылымын талдау, геоақпараттық жүйе технологиясы мен физикалық-географиялық негізінде Қазақстандағы агроландшафттар және ГАЗ технологиясы мәселелерін география ғылымдар тұрғысында зерттеу, агроландшафттардың географиялық бағыттағы міндеттерін шешу, аймақтағы су тасқындарының болуын алдын ала болжау және табиғаттағы болып жатқан құбылыстарға географиялық талдау жасауға кешенді түрде зерттеу жүргізілуіне негіз болады.

Соңғы уақытта мемлекеттік бағдарламалардың сандық технологияға, жоғары ақпараттық технологияларға, геоақпараттық технологияларға, жерді арақашықтықтан зерделеуге, экологиялық бағалауға, сонымен қатар ғарыштық технологияға бағыт алуы арта түсуде. Осындай көтеріліп жатқан мәселелер Қазақстандағы көптеген ғылымдарды сандық кеңістікте орналастыру үшін геоақпараттық жүйе технологиясы аса қажет дүние.

Осындай қажеттіліктің артуына байланысты 2019 жылы География және табиғатты пайдалану факультетіндегі

картография және геоинформатика кафедрасында «Геоинформатика» мамандығы ашылды. Бұл мамандық Қазақстан көлемінде, оның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі ең алғаш ашылған мамандық. Осы жылы бакалавр, магистратура, докторантура, қос дипломды бағдарлама бойынша бүкіл деңгейдің бірден бір жылда ашылуы – бұл мамандықтың қоғамға қажеттілігінің зор екендігін көрсетті.

Қазіргі таңда түрлі елдің ғалымдары адамның санасы сияқты әртүрлі функцияларды басқара алатын күрделі механизмді жасанды интеллект жолымен жасауға тырысып келеді. Адамның логикалық ойлау қабілетін әртүрлі машиналарда іске асырып, оларды дербес ойлай алатындай етіп қойған түрлі сандық әлемде өмір сүруде. Бұл дәл қазіргі уақытта біз өмір сүріп жатқан қоғам айнасы.

Е. КАКИМЖАНОВ,
PhD докторы,
картография және геоинформатика кафедрасының доценті

ҚАЗҰУ КӨШБАСШЫ АТАНДЫ


Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Ғылым көшбасшысы – Web of Science Awards-2020» беделді сыйлығының үш номинациясында үздік атанып, рейтингтік ғылыми басылымдарда қазақстандық жоғары оқу орындары арасындағы көшбасшылық позициясын растады.

рейтингті басылымдарында 285-ке тең дәйексөздердің жиынтық санымен 36 мақала жарияланды.

«Қазақстандағы ғылымөметрияны дамытуға және ғылыми қызметті бағалауға қосқан үлесі үшін» тәуелсіз марапатына ҚазҰУ-дың физика-химиялық зерттеу әдістері және талдау орталығының директоры, профессор Болат Кеңесов ие болды. Ол «Web of Science Core Collection» (индекс Хирша-14) деректер базасында индекстелетін басылымдарда 37 ғылыми жұмыс жариялады.

Атап өту керек, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары рейтингті ғылыми журналдардағы жарияланымдар саны бойынша еліміздің жоғары оқу орындары арасында абсолютті көшбасшы болып табылады. Отандық авторлардың халықаралық дерекқорға кіретін басылымдардағы әрбір бесінші жарияланымы – ҚазҰУ ғалымдарының үлесінде.

Өз тілшімізден



Clarivate Analytics халықаралық компаниясының тәуелсіз сыйлығын салтанатты түрде тапсыру рәсімі онлайн форматта өтті.

«Web of Science» халықаралық ақпараттық-талдау платформасының деректері бойынша ҚазҰУ «Физика» пәні саласында «Web of Science Core Collection» жарияланымдар саны бойынша көшбасшы» марапатына ие болды.

Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Әлібек Исахов «Жоғары дәйексөзді қазақстандық автор» номинациясы бойынша жеңімпаз деп танылды. Оның авторлығымен жоғары

Осыдан 70 жыл бұрын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетіндегі жалпы тіл білімі кафедрасы жұмысын бастады. Кафедрада әр жылдарда қызмет атқарған ғалымдар мен оқытушылардың педагогикалық адал қызметтерінің арқасында кафедра талай жылдар бойы жемісті еңбек атқаруда. Бір кездері И.И. Мещанинов, С.Е. Малов, Ж.А. Аралбаев, К.А. Аханов, В.М. Никитевич сынды азулы ғалымдардың жұмыс орны болған аталмыш кафедра білімділер мен тіл жанашырларының ордасына айналғаны ақиқат.



Кафедра іргетасының берік, еңсесінің биік көтерілуіне зор еңбек сіңірген басшыларымызды ерекше атап өтуімізге болады. 1950-1961 жылдар аралығында доцент Ж.А. Аралбаев, 1961-1977 жылдар аралығында ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, тіл білімінің теориялық негізін жоғары оқу орындарына міндетті пән ретінде оқытылуының алғашқы негізін салған, әрі Қазақстан лингвистерінің ішіндегі ең алғаш жарық көрген «Тіл біліміне кіріспе» және «Тіл білімінің негіздері» атты алғашқы оқулықтарының авторы, профессор К.А. Аханов, 1977-1979 жылдар аралығында профессор В.М. Никитевич, 1979-1995 жылдар аралығында профессор А.С. Аманжолов, 1995-2009 жылдар аралығында профессор Э.Д. Сүлейменова басшылық еткен.

Аталмыш кафедра жайында айтқанда, ең алдымен жалпы тіл білімі кафедрасын жоғары дәрежеде маманданған, ғылыми деңгейі биік, тіл білімі саласында әртүрлі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жасайтын филология факультетінің маңдай алды кафедрасы биігіне көтерген, бірнеше тілде жатық сөйлейтін, әлем тілдерінің материалдары негізінде жазылған еңбектердің авторы, академик А.С. Аманжолов есімімен байланыстылығы.

Ғылымда өз мектебін қалыптастырып, түркітану саласына жаңа ағым қосқан білгір маман, түркітануды зерттеп-зерделеген көнетүркі жазуының шығу тарихы, графикалық жүйенің даму динамикасына қатысты тұжырымдарымен ерекшеленетін Қазақстандағы көне түркілік жазба мұрағаттар тілін зерттеуші санаулы ғалымдардың бірі.

Әйгілі түрколог ғалым Алтай Сәрсенұлы Аманжолов есімі тек Қазақстан, ТМД елдерінде ғана емес, көптеген шетелдерге белгілі. Бұған дәлел ғалымның шетелдерде оқыған дәрістері мен Түркия, Қытай, Ресейден шыққан еңбектерінің дүниежүзіне таралуы. А.С. Аманжолов өзінің жарты ғасыр ғұмырын түркі филологиясына, жалпы түркітану, ата-баба жазуының этногенезі мәселелеріне, түркі халықтарының көне жазуының тарихына, оны оқудың тәсілдеріне, сөздердің мән-мағынасына көңіл бөлген, олардың жазу мәдениетінің құпия сырын ашуға еңбектенген. Ғалымның дәрістерін тыңдаған, ұлағатты сөздерін естіген шәкірттері бүгінгі таңда Қазақ елінің түкпір-түкпірінде қызмет атқаруда. Әйтсе де ұлы тұлғаның дәрістерін тыңдап, өзімен бірге бір кафедрада қызмет атқарғанымыз біз үшін үлкен бақыт.

Сонымен қатар жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы – жалпы және жеке тіл білімінің әр түрлі салалары бойынша еңбектеніп, әрі ойлары пікірлес жоғары маманданған шығармашылық ұжымнан құрылған. Олар – қазіргі таңда өз елімізде, әрі елімізден тыс алыс елдердің түкпір-түкпіріне тараған есімдерімен және ғылыми еңбектерімен белгілі болған ғалымдар.

Кафедраның тағы да бір мақтаншы ретінде ҚР ЖМ МҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Элеонора Дүйсенқызы Сүлейменованы үлкен ілтипатпен айта аламыз.

ДАРА ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ІЗІМЕН...

конференцияларға және әр түрлі ғылыми қоғамдастықтардың жұмыстарына, университет аралық жинақтардың редакциялық алқасына қатысады. Бүгінгі таңда жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасы әлемнің бірқатар университеттерімен академиялық ұтқырлық және ғылыми мәселелер бойынша қарым-қатынасын нығайтуда. Халықаралық байланыстар ғылыми конференцияларға қатысу түрінде, педагогикалық жұмыстармен тәжірибе алмасу, ғылыми дәрістерді тыңдау мен кеңестер, академиялық ұтқырлық бойынша студенттер алмасу арқылы жүзеге асырылады.

Әл-Фарабидің білімді ақылмен ұштастырғанда ғана адами болмысымызды сақтап қалатындығымыз туралы қанатты сөзін саналарына мықтап бекіткен кафедра ұжымы бүгінде тату-тәтті, берекелі еңбектенуде. Ұстаздардың өнегелі тәрбиесі мен бір-біріне деген мейірімге, жылулыққа толы көзқарастары талай жанның жүрегін жылытып, көңіліне сенім ұялатары айқын. Аталған оқытушыларымыз жас буын өкілдерін тек біліммен ғана сусындатып қоймай, оларды толыққанды азамат етіп тәрбиелеуге, өмірлік жолды таңдауда әр адамның адами қадір-қасиеттерді бойына сіңіруге, жарқын болашақ үшін ерінбей, тынбай еңбек етулеріне қол ұштарын беріп, демеп отыратын жандар. Әр оқытушының өзіне тән өзіндік әлемі, тартымды талғамы, рухани мол байлығы, айналасына деген мейірімі мен мол шапағаты өзінше ерекшеленіп тұрады. Сыпайылықты жандарына серік қылған, ғылымға адалдықты берік ұстанар ғалым-ұстаздар – өз шәкірттеріне ғана емес, жалпы ғылымның ертеңін күйттеп, елдің еңсесін түсірмеуді армандайтын алғыр азаматтарға айнымас үлгі.

Қазақ ғылымының көкжиегіндегі қарлығаш ұйым, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетіндегі жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы ұжымына істеріне береке, ойларына ұтқырлық, бойларына сабырлық, еңбектеріне адалдық тілеп, осы жолдан жаңылмай, білім мен ғылымның көне сүрлеуін жаңа ізденістермен бедерлей беріңіздер демекпіз!

Г. МАДИЕВА,
ф.ғ.д., профессор

С. БЕКТЕМІРОВА,
ф.ғ.к., доцент

Профессор Э.Д. Сүлейменованың ғылыми-зерттеу жұмысының өрісі кең, олар – жалпы тіл білімі, әлеуметтік тіл білімі, теориялық және қолданбалы лексикография, салғастырмалы тіл білімі. Ғалымның ғылыми-зерттеу кеңістігінің өрісін қазақ және орыс тілдері материалдары негізіндегі тілдерді меңгерудің теориялық және қолданбалы аспектісі құрайды. Профессор Э.Д. Сүлейменова – халықаралық және республикалық ғылыми-зерттеу жобаларының жетекшісі, әрі құрастырушысы.

Қаймағын бұзбай, қалыптасқан дәстүрді ары қарай жалғастырушы, аталмыш кафедраның бүгінгі меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Мәдиева Гүлмира Баянжанқызы. Профессор Г.Б. Мәдиеваның жетекшілігімен аспиранттар, ізденушілер республиканың әр аймақтарынан кандидаттық диссертацияларын қорғауда. Профессор Г.Б. Мәдиева теориялық және қолданбалы ономастика, қостілді лексикография, жалпы тіл білімі, мәдениаралық қарым-қатынас, когнитивті лингвистика, лингвистикалық мәдениеттану және т.б. мәселелер саласында еңбек етіп жүр.

Кафедра шет елдік жоғары оқу орындармен терең ғылыми байланыстар орнатқан. Жыл сайын оқытушылар, докторанттар мен магистранттар алдыңғы қатарлы шетел университеттерінде, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарында тәжірибе алмасады, халықаралық ғылыми

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,
Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.